

№27 И.Тайманов атындағы орта мектебі
2020 - 2021 оқу жылының
Тәрбиенің кешенді бағдарламасының орындалуы
бойынша есебі

Атырау қаласы №27 И.Тайманов атындағы орта мектебінде 2020 жылы 20 тамыз күні ZOOM платформасы және WhatsApp желісі арқылы жаңа оқу жылына даярлық жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру мақсатында «Жаңа оқу жылында балаларды оқыту туралы» ата-аналар жиналысы өтті.

Ата-аналар жиналысының мақсаты: коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеуге байланысты карантиндік шаралар жағдайында жаңа 2020-2021 оқу жылындағы оқытудың ерекшеліктері туралы ата-аналарды (балалардың заңды өкілдерін) хабардар ету. Жиналыста оқу жылындағы оқу форматтары, оқытудың штаттық режимінде санитарлық талаптарды сақтау, қашықтан оқытудағы баланың іс-әрекеттері, интернетті қауіпсіз пайдалану ережелері, білім алушыларды бағалау жүйесі және т.б. мәселелер жөнінде ата-аналарға көптеген ақпараттар беріліп, қашықтан оқытуға баланың психологиялық жайлылығына арналған кеңестер берілді.

Қазіргі таңда орын алған жағдайға байланысты ата-аналарды бірлесе жұмыс жасауға шақырды.



Атырау қаласы №27 И.Тайманов атындағы орта мектебінде 2020 жылы 21 тамыз күні Жаңа 2020-2021 оқу жылында карантиндік шаралар жағдайында білім алушыларды оқыту форматтарымен таныстыру мақсатында "Мен жаңа оқу жылында қалай оқимын?" тақырыбында мектебіміздің оқушылары үшін жалпыреспубликалық бірыңғай сынып сағаты ұйымдастырылды.

Сынып сағаттың күн тәртібінде төмендегі мәселелер қарастырылды:

- Карантиндік шаралар кезіндегі оқыту форматтары;
- Қашықтан білім алу барысында пайдаланылатын интернет-платформаның мүмкіндіктерімен танысу;
- Мен және менің денсаулығым (гигиена негіздері, физикалық белсенділік);
- Жаңа оқу жылында білім алушыларды бағалау жүйесі;
- Интернетте жұмыс істеу ережелері, ақпараттық қауіпсіздік.

Аталған мәселелер бойынша әр сынып жетекші сынып сағатын қашықтық форматында өткізіп, оқушылардың ойларын тыңдады.





ҚР Білім және ғылым министрлігі оқушылардың, педагогтердің және ата-аналардың өмірі мен денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету, сондай ақ коронавирустық инфекцияның таралуының алдын алу мақсатында Атырау қаласы №27 И.Тайманов атындағы орта мектебінде 2020-2021 оқу жылы 1 қыркүйек – Білім күнінде «кезекші» 1 сыныптар үшін мектепте арақашықтықты, санитарлық эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып сынып сағаттары өткізілді, ал 2-11 сынып оқушылары онлайн түрде Қазақстан Республикасы Конституциясының 25 жылдығы, Әбу Насыр Әл-Фарабидің 1150 жылдығы, Абай Құнанбаевтың 175 жылдығы мерекелік тақырыптарында сынып сағаттары өтті.





4 қыркүйек күні Жалпыреспубликалық "Адалдық сағаты" акциясы аясында "Әділдікке үндеген Қожа Ахмет Ясауи" тақырыбында дайындалған бейнероликті оқушылар <https://youtu.be/3p1TwYI9-fg...> желісі арқылы тамашалап өз ойларымен бөлісті.



Алиби 10 Ә
Біз көрген видео негізінен Адалдық туралы айтылған. Яғни, Қожа Ахмет Ясауидің Діуани Хикмет даналық кітабын үлгі өте отырып, осы құндылыққа толы кітаптың адам бойына жақсы қасиеттерді дәріптейтінін айтып айтқан. Соның ішінде адалдық, сабырлық, шынықтылық, мейірімділік, еңбекқорлық секілді қасиеттер басты негізге алынған.

Данияр 10 Ә
Халқына қызмет ет, Ізгілерге ізет ет. Жаны жақсы жайсандарға құрмет ет деген секілді нақыл сөздері қазіргі заманның өзінде де тәрбиелік мән мағынасын жоғалтпаған.

Мансур 10 Ә
Сонымен қатар бұл Даналық кітабында халқына аянбай қызмет еткен адамдардың арман мақсатына сөзсіз жететін алға басып айтып кеткен.

Данияр 10 Ә
Бұл видеода К.А. Ясауи бабамыздың адалдық, парасаттылыққа, әділдікке іргеленіп жайы өте жақсы айтылған. Ол халқымыз "Достар" деп аталып отырған, яғни "Діуани Хикмет" даналық кітабында адамның жан құрметіне бағыт бағдар беруді ең маңызды еді. Адам адамдармен бірге жүріп менің ауылда көрмеуге болатында өте жақсы атап өттім. Осы даналыққа толы өлеңін әлі күнге дейін өз мейімі жоғалтпай қарап, жастарға үлгі болып қалса керек.

Алиби 10 Ә
Бұл Діуани Хикмет кітабының парасаттылық құндылығы өте жоғары болып саналады.

Сәтжан 10 Ә
Сыпаттыққа ба алай... Бұл видео ролында Қожа Ахмет Ясауи атамыз туралы айтылған. Ол 1903 жылы туғандық туркистандық, ғұлама аулы. Оның көптеген биік қалдырған еңбектері бар және біз осы ұмыттаймыз.

Данияр Оксана
Бұл видеода Қожа Ахмет Ясауидің өмірбаяны мен еңбектері туралы айтылған. Ясауи атамыз 1903 жылы туылған, туған жері Туркистан облысы Сайрам ауданы Қожа Ахмет Ясауи "Діуани хикмет" еңбегімен мәшһүр ғұлманның адалдығымен тұсындағы жоңдыр айдан рухани ағыты мені тәлім тәрбиелеу қасиеттері молайтуға мектептен бастап айдап анық, Ясауи хикметтерінің мәні философиялық өлең - адам "өздеріміз" жеткі үшін қажетті болсақ істеріміз көрне бұл болмауың дайындау - хикмет. Хикметтерге адам жаратылысы - жаратылған өлең ұлылығын көрсететін жергімізді қайтадан ең жоғары дәулетке жаратылған болып өскенді мекен көрсеткен. Оның қаптаған қалдырған еңбектеріміз сабақтап ба



5 Г СЫНЫБЫ
Оқушы Сарғина Назар
"Туркистаннан тарихан аса құтты рухани сүйлемін нұдтанған Қожа Ахмет Ясауи Орталық Азиядағы оның ішінде Казіқтаңда да, барлық түркі халықтарының ұлттық рухани өлім жүйесін өрнектіп берді. Нұрсұлтан Назарбаев"

Оқушы Сейтғали Ақбота
Көрнекті Назар Ақбота

Тұрғанбет
Оқушы Сарғина Назар
Рыңке Қожа Ахмет Ясауи туралы адамның тарихы туралы туралы айтылған. Адамның ең маңызды еңбегі "Діуани Хикмет" кітабы болды. "Діуани Хикмет" кітабында адамның рухани өмірі туралы айтылған. Адамның рухани өмірі туралы айтылған. Адамның рухани өмірі туралы айтылған.


Оқушы Сарғина Назар
Осы өз жасыма жетті қақпан пармақ, Плендеке қабыл еттім құлым арман. Жан көтерде берген саған нұрлы иман, Қарп жаным шадман болып күлді достар.

Атырау қаласы №27 И.Тайманов атындағы орта мектеп бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 1 наурыздағы №3827 Жарлығымен бекітілген Қазақстанда Отбасы күнін мерекелеу шеңберінде 2020 жылдың 7-13 қыркүйек аралығында жоспарланған "Отбасы - бақыт аясы" атты апталықтың іс-шаралары өткізілді. Мектебіміздің 5 "ә" сынып оқушылары "Өзіңізге алғысым шексіз!" тақырыбында оқушылар отбасындағы алғыс білдіру хатын дайындап, отбасы ішіндегі жақын адамға алғыс ретінде сыйға тартуды ұсынды.



2020 жылғы 17 қыркүйек күні №27 И.Тайманов атындағы орта мектеп бойынша онлайн режимінде қашықтан оқытуды ұйымдастыру мәселелері бойынша сынып жетекшілерінің ата-аналар қауымдастығымен түсіндіру жұмыстарын белсендіру, қашықтан оқыту форматында балаларды оқытудың ерекшеліктері туралы ата-аналарды ақпараттандыру мақсатында «Қашықтан оқыту кезінде балаға қалай көмектесуге болады?» атты бірыңғай жалпыреспубликалық ата-аналар жиналысы өтті.

Барлық сынып жетекшілер тақырыпқа сай мәселелерді қарап, ақпараттық платформа, оқыту форматтары туралы егжей-тегжейлі айтылып, балаларды ынталандыру және жауапкершілігін қалыптастыру мәселелері талқыланды. Жиналыс ата-аналарға тиімді платформамен ұйымдастырылды.



№27 И.Тайманов атындағы орта мектеп бойынша "Қауіпсіз мектеп ортасы" республикалық акциясы аясында іс-шаралар ұйымдастырылды.

Акцияның мақсаты балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу және профилактикалық қауіпсіздік шараларын жетілдіру.

Акция барысында кезекші бастауыш сынып оқушыларына жол-көлік оқиғаларының алдын алу, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мектеп инспекторы Г. Куркембаева және бастауыш сыныптар бойынша тәлімгер А.Қазиева оқушыларға жолда жүру ережелерімен және мектеп жанында орналасқан жол белгілерімен таныстырып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу және құқықтық сауаттылықтарын арттыру мақсатында мектеп оқушыларына онлайн режимінде сынып сағаттары өтті.



№27 И.Тайманов атындағы орта мектебінің бастауыш сынып тәлімгері А.Қазиеваның ұйымдастыруымен "Қауіпсіз мектеп ортасы" акциясы кезінде бастауыш сынып оқушылары арасында "Қауіпсіз балалық шақ" тақырыбында онлайн сурет конкурсы өткізілді.

Мақсаты: Күнделікте өмірде және төтенше жағдайларда қауіпсіз жүріс-тұрыстың негізгі ережелерін оқуға қызығушылықтарын қалыптастыру.

Қорытындылай келе сурет конкурсында 2 "ә" сынып оқушысы Қожахмет Нұрислам үздік деп танылды.



Айсан Нұрмағамбетова
2 "ә" сынып оқушысы




Айсан Нұрмағамбетова
2 "ә" сынып оқушысы



Айсан Нұрмағамбетова
2 "ә" сынып оқушысы



Қожахмет Нұрислам
2 "ә" сынып оқушысы



Муратова Назерке
4 "ғ" сынып оқушысы



Алимуратова Айнур
2 "ә" сынып оқушысы



Арманқызы Гүлсеім
2 "ә" сынып оқушысы



Скандір Еркеназ
2 "б" сынып оқушысы



Марат Айым
2 "б" сынып оқушысы

Қазақстан Республикасы халқының тілдер мерекесіне арналған "Қазақстан - үш тұғырлы тілді мемлекет: Мемлекеттік тілі-қазақ тілі" тілдер апталығы аясында жас шәкірттер өнер сүйер қауымға жүрек жарды, ыстық ықыласқа толы лебізі мен ақиық ақындарымыздың тіл, халық туралы өлеңдерін жолдайды.



Облыстық білім беру басқармасының Әдістемелік орталығының 2020 жылғы 18 қыркүйектегі №615 хатына және қалалық білім бөлімінің жылдық жоспарына сәйкес «Ұлылықтың басында Ұстаз тұрар» апталығының іс-шаралар жоспарына сәйкес іс – шаралары өтті.



1 қазан Халықаралық қарттар күніне орай мектебіміздің оқушылары үлкенді құрметтеу, сыйлау, отбасылық құндылықтарды насихаттау мақсатында "Қарттарым - асыл қазынам" атты тақырыпта бейнеролик дайындап ұсынды.



Атырау қаласының құрылғанына 380 жыл мерейтойына орай туған жерге, елге деген құрмет сезімін арттыру, өз туған өлкесін мақтаныш ете білуге баулу мақсатында "Туған күніңмен, сүйікті қалам - Атырау!" атты апталығы аясында оқушылардың дайындаған видеороликтерін ұсынды.



2020 жылдың 10 қазан күні №27 И.Тайманов атындағы орта мектебінің аумағында санитарлық тазалықтың күзгі екі айлығына байланысты мектебіміздің жас мамандарының қатысуымен тазалық шаралары өтті.



2020 жылдың 12 – 16 қазан аралығының апталық жоспарына сәйкес, Қазақстан Республикасының Рәміздері туралы түсініктерін қалыптастыру. Оқушыларды Отансүйгіштікке, адамгершілікке, Отанына, халқына адал қызмет етуге, елінің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеуге, халқының тегін, тарихын білуге тәрбиелеу мақсатында сыныптарда "ZOOM" платформасы арқылы онлайн режимінде сынып сағаттары ұйымдастырылды.










Қалалық білім бөлімі, Атырау қаласының прокуратурасының 12.10.2020 жылғы №2-05-20-09271 хаты негізінде Қазақстан Республикасы Конституциясының және Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдығын атап өту жөніндегі ұлттық іс-шараларды басшылыққа ала отырып, бастауыш сыныптарда "Конституция сабағы" тақырыбында онлайн және офлайн түрде ашық сабақтар болып өтті.



Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Атырау облысы бойынша департаментінің 2020 жылғы 15 қазандағы №7-10/4322 шығыс хатына сәйкес, Жалпыреспубликалық "Адалдық сағаты" акциясы аясында "Ар - намысты арқалаған рухты батыр Бауыржан" тақырыбында дайындалған бейнедерісті <https://youtu.be/6k3CdIKT6tw> сілтемесін оқушылар "Whatsapp" желісі арқылы тамашалап өз ойларымен бөлісті.



23 қазан күні сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы тәрбие үрдісін насихаттау мақсатында "Адал Ұрпақ" клубының іс-шара жоспарына сәйкес, мектебіміздің "Исатай жастары" дебат клуб мүшелерінің қатысуымен "Жемқорлықсыз қоғамға қадам" тақырыбында онлайн режимінде пікірталас ұйымдастырылды.



"Парасатты мектебі" жұмыс іс-шара жоспарына сәйкес, кезекші сыныптарда және онлайн режимінде адалдық, адамгершілік тақырыбындағы тренинг, сынып сағаттары өтті.






11 қазан - Халықаралық қыздар күніне орай қыз балалар бойында әдеп пен сыпайылық, тазалық пен адамгершілік мәдениетін қалыптастыру мақсатында мектепшілік апталық іс-шаралары ұйымдастырылды.




"Жеке бас гигиенасы" тақырыбында түсінік жұмыстары



24 қазан күні 8 -11 сынып қыз балаларының қатынасуымен №3 Атырау қалалық емхананың "Үміт" жастар денсаулығын сақтау орталығының акушер-гинеколог маманы Шакибалиева Гульфара Жаскайратқызымен "Ерте жастағы жүктіліктің алдын алу" тақырыбында онлайн режимінде кездесу өтті. Онда қыздарға ерте жүктіліктің салдары қандай болады; оның адам өміріне тигізетін келешектегі қауіп-қатері қандай; тағы басқада осындай үлкен сұрақтың төңірегінде әңгіме қозғалды. Қыздардың тарапынан қойған сұрақтары мен пікірлері талқыланды. Кездесу соңында жасөспірім қыздарға салауатты өмір салтын ұстануға, өз денсаулықтарына жауапкершілікпен карауға кеңестер берілді.



2020 жылдың 26 – 30 қазан аралығында өткізілген мектепшілік «Күз – мереке, күз – береке» тақырыбында онлайн шараға мектепалды даярлық бұлдіршіндері, 1-10 сынып оқушылары белсене қатынасты.



Онлайн шара төмендегі номинациялар бойынша өткізілді:

1-номинация «Алтын күз» тақырыбында өлең жолын мәнерлеп айту, ән арнау

2-номинация» «Күздің керемет көріністері» тақырыбында қолөнер жұмыстары, сурет салу

3-номинация «Күзгі фотосессия» тақырыбында күзгі табиғат аясында түскен фотосурет.

Онлайн шараға қатысқан оқушыларға диплом-алғыс хаттар табыс етілді.

✓ 1 - 4 сынып оқушылары арасында

♥ 1 номинация бойынша:

Бас жүлде - 4а Берікқызы Кәусар

I орын - 2д Қартабай Хабиба

I орын - 1б Балтаева Ясмин

I орын - 2а Еркін Мәғбат

II орын - 1в Қайдарқызы Шахназ

II орын - 1в Өмірбаян Айша

II орын - 1в Серік Асылай

III орын - 2а Маралқызы Айкөркем

Алғыс хат - 2д Қамидолла Ақнұр

2а Шаншархан Аңсар

2а Дуат Әбілмансұр

2а Қайырмұхаммедқызы Назерке

2а Баймбет Анель

3а Махсот Асель

3а Бақыт Жансұлу

4а Ыстұрған Ерболат

♥ 2 номинация бойынша:

Бас жүлде - 1б Жаңажан Әліби

I орын - 1б Сағизбаев Рахман

II орын - 1г Талғат Айша

III орын - 4а Берікқызы Кәусар

Алғыс хат - 1б Балтаева Ясмин

1в Мейрамбекұлы Арсен

1г Талғат Айша

2а Шаншархан Аңсар

2а Дуат Әбілмансұр

2а Баймбет Анель

2а Жолдас Мухаммад

2а Сабыржанов Темірлан

2а Сагидоллина Айжұлдыз

2а Ғалымжан Айша

2ғ Хинатулла Абылай

2ғ Мусағали Кәусар

2ғ Атенова Тоты

2д Қамидолла Ақнұр

3а Бақыт Жансұлу

3а Махсот Асель

3б Нұрман Еркежан

3б Абдулахат Әсел

3б Аширбек Балауса

3б Скиндір Нұрайна

4а Бисембай Назерке

4а Ыстұрған Ерболат

4б Ұзақбай Айкөркем

4ғ Карим Сабина

♥ 3 номинация бойынша:

Бас жүлде - 2а Маралқызы Айкөркем

I орын - 2ә Қалбек Амира

I орын - 3а Бақыт Жансұлу

I орын - 4а Берікқызы Кәусар

II орын - 2а Ғалымжан Айша

III орын - 3а Махсот Әсел

Алғыс хат: 4а Ыстұрған Ерболат

✓ 5-10 сынып оқушылары арасында

♥ 1 номинация бойынша:

Бас жүлде - 6а Смағұл Қарақат

I орын - 6а Сағынғалиева Дильназ

II орын - 10ә Қойшыбекова Ақбота

III орын - 6а Аманжол Гаяна

♥ 2 номинация бойынша:

I орын - 6а Бердіғали Бейбарыс

II орын - 10ә Базарбай Дильназ

III орын - 5г Қайрат Жанарай

III орын - 6а Сағынғалиева Дильназ

III орын - 6а Нұрымұлы Нұржан

Алғыс хат: 6а Қасымқызы Несібе

♥ 3 номинация бойынша:

I орын - 6а Смағұл Қарақат

II орын - 6а Әділбекқызы Айкөркем

III орын - 6а Дастемова Венера

III орын - 10 "ә" сынып оқушылары

◆ Күз-мереке, күз-береке ◆

онлайн шараның қорытындысы:

✓ Мектепалды даярлық бұлдіршіндерінің арасында

♥ 1 номинация бойынша:

Бас жүлде - Маралқызы Аминат

I орын - Шахарбек Аяна

II орын - Ыбырайымқызы Асия

III орын - Сандыбай Айсұлу

III орын - Қайырғали Ақбек

Алғыс хат - Айболатов Омар

Жайылхан Нұрасыл

♥ 2 номинация бойынша:

I орын - Марат Мадияр

II орын - Сандыбай Айсұлу

II орын - Айболатов Омар

III орын - Серік Айару

III орын - Онайғали Арсен

♥ 3 номинация бойынша:

Бас жүлде - Маралқызы Аминат

I орын - Рафазльқызы Адина

I орын - Онайғали Арсен

II орын - Сандыбай Айсұлу

II орын - Марат Мадияр

III орын - Камидоллаұлы Дамир




2020 жылдың 26-30 қазан аралығында мектепшілік 5 сыныптар арасында "Күз аруы-2020" байқауы ұйымдастырылды. Байқау 4 кезеңнен тұрды:

1. Таныстыру;
2. Ұлы Абай атамыздың табиғатқа арналған өлеңін мәнерлеп жатқа айту;
3. Өнері;
4. Сән үлгісі.

"Күз аруы-2020" номинациясын әрі бас жүлдені 5 "б" сынып аруы Мергенбайқызы Айкүн; I орынды 5 "ғ" сынып аруы Сағынғали Ақбота Сағидоллақызы; II орынды 5 "в" сынып аруы Райханова Ақнұр иеленді.



Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Атырау облысы бойынша департаментінің 2020 жылғы 2 қарашадағы №7-10/4612 хаты негізінде қазан айында екінші жалпыреспубликалық «Адалдық сағаты» аралас жекпе-жектен әлем чемпионы Ардақ Назаровпен қатысуымен түсірілген бейне-дәрісті <https://youtu.be/s9LHdfynaX0> сілтемесін оқушылар "Whatsapp" желісі арқылы тамашалады.




«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында әзірленген жаңа арнайы «Дәстүр және ғұрып» жобасын іске асыру бағытында «Қыз – ұлт келбеті» тақырыбындағы қыз оқушыларға арналған апталықтың жоспарына сәйкес, 6 қараша күні көркем еңбек пәнінің мұғалімі Жумагалиева Кунимжан Кайырболатовна ұйымдастыруымен 6,7-8 сынып қыз балаларына арналған «Ою-өрнек Party» тақырыбында шеберлік сағаты өтті.

Мақсаты: Оқушыларды ою - өрнек түрлерін тәжірибе арқылы таныстыруда қол еңбегіне, эстетикалық талғамға, сұлулық әлеміне, икемділікке баулу.



«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында әзірленген "Дәстүр мен ғұрып" жобасын іске асыру бағытында «FASHION:Трендте-ұлттық киімдер!» тақырыбында ұлттық киімдер шеруі ұйымдастырылды.





Абдулхайи Марина



Аманжол Аманжол



Саяр Аманжол



▶ Воспроизвести видео

Жұбаншәлі Асылбай



Аманжол Гаина

"Қазақстан балалары-күзгі интерактив!" күзгі каникул кезінде балалардың демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру мақсатында Атырау қаласы №27 И.Тайманов атындағы орта мектебінің оқушыларына арналған күзгі демалысын онлайн түрінде тиімді ұйымдастыру жоспарына сәйкес іс шаралар өтті.

№27 И.Тайманов атындағы орта мектеп оқушыларының күзгі демалысын онлайн түрінде тиімді ұйымдастыру іс-шаралар жоспары

Р.б.	Шараның атауы	Сыныбы	Мерзімі	Жауапты
1	Күзгі демалысқа арналған іс-шаралар жоспарын құру	1-11	7 қараша	Мектеп директоры
2	Мен бар екенім, жүз ішпегенім. Ойыңды құрап сөйле	1-4	8 қараша	Сынып жетекшілері
3	Күзгі демалыс кезіндегі қызықтық шаралары (онлайн сынып сағаты)	1-4	9 қараша	Сынып жетекшілері
4	«Қалам таяқ – менің Отаным» (онлайн суреттер көрсету)	5-11	9 қараша	Сынып жетекшілері
5	«Дарындар аламын» (ан. бн. пәнаралық оқиды оқиды байлау)	1-11	10 қараша	Сынып жетекшілері
6	«Бала қалаға – жала қалына» (онлайн сурет көрсету)	2-4	11 қараша	Сынып жетекшілері
7	«Біз салауатты өмір салтын қалайымыз!» (сипаттық жазғызу форматты)	1-11	12 қараша	Сынып жетекшілері Дене шынықтыру пәні мұғалімі
8	«Сүйсіздік пен шеберлік» балалар қолөнерінің онлайн көрсетуі. Әте әйелдердің шеберлік сабағы	1-11	13 қараша	Сынып жетекшілері
9	Табияғаты өлшеу мақалатында сынып сағаты	1-11	14 қараша	Сынып жетекшілері
	«Таза қала – өз еліміздің бағталдымыз» акциясы			

Мектеп директоры

10 қараша күні өткізіліп жатырған мектепшілік "Дарындар әлемі!" байқауына бастауыш сынып оқушылары белсене қатынасты.



"Қазақстан балалары — күзгі интерактив!" оқушылардың күзгі каникул кезіндегі демалысын, бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында "Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз!" атты спорттық жаттығу флешмобы өткізілді.

